

15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні. Осы естелік оқиғаның құрметіне 11" В " сыныбында интернационалист-жауынгерлермен кездесу өтті. Кездесуге Ауған соғысының ардагерлері Болат Тілеуғабылұлы Шәріпов, Жанатай Қожахметұлы Құсайынов қатысып, жас ұрпаққа өздерінің басынан кешкен оқиғалары туралы айтып ой бөлісті. Қан майданда, ұрыс даласында қаза болған жауынгерлерді бір минут үнсіз тұрып еске алды.

Өтер жылдап, ауқып тағы алыстап  
Тағдыр талай тауқыметін табыстар.  
Өздеріңді жырлап өтер ұрпағың  
Ауғандағы азап шеккен арыстар

